

ӘОЖ 347.92/342.922

МӘУЛЕНОВ Думан Болатұлы

Жамбыл облысы кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының төрағасы, заң ғылымдарының кандидаты

ЮВЕНАЛДЫ СОТТАР ҚАРАУЫНА ЖАТҚЫЗЫЛҒАН ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚБҰЗУШЫЛЫҚТАР ТУРАЛЫ ІСТЕР ТҮЙТКІЛДІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аннотация. Қазақстан Республикасының қызмет етуші заңнамасына сәйкес отандық ювеналды соттар азаматтық және қылмыстық соттық істермен қатар әкімшілік құқықбұзушылық туралы істерді де қарайды. Сырт көзге бұл әкімшілік құқықбұзушылық туралы істерді қарау қиындық туғызбайтындай болып көрінеді. Алайда сот практикасында бұл санаттағы істерді қарау кезінде бірқатар тәжірибелік және теориялық сұрақтар туындатады. Бұл мақалада автор ювеналды соттар қарауына жатқызылған әкімшілік құқықбұзушылықтар туралы істерге тоқталып, олармен байланысты кейбір құқықтық проблемаларды қозғайды.

Түйін сөздер: Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізу; әкімшілік құқықбұзушылық, құқықбұзушылық құрамы, ювеналды юстиция, ғылыми-тәжірибелік түсіндірме, құқықтық коллизия.

МӘУЛЕНОВ Думан Болатович

Кандидат юридических наук, Председатель специализированного межрайонного суда по делам несовершеннолетних Жамбылской области

ПРОБЛЕМНЫЕ ВОПРОСЫ ДЕЛ ПО АДМИНИСТРАТИВНЫМ ПРАВОНАРУШЕНИЯМ ОТНЕСЕННЫХ К ВЕДЕНИЮ ЮВЕНАЛЬНЫХ СУДОВ

Аннотация. Согласно действующего законодательства Республики Казахстан отечественные ювенальные суды наряду с уголовными и гражданскими судебными делами рассматривают и дела об административных правонарушениях. На первый взгляд, рассмотрение дел об административных правонарушениях не представляет особую сложность. Тем не менее, судебная практика показывает, что рассмотрение дел данной категории порождает некоторые практические и теоретические вопросы. Данная статья посвящена делам об административных правонарушениях, рассматриваемых ювенальными судами, подняты некоторые правовые проблемы.

Ключевые слова: производство по делам об административных правонарушениях; административное правонарушение, состав правонарушения, ювенальная юстиция, научно-практический комментарий, правовые коллизии.

MAULENOV Duman

Candidate of Law, Chairman of the inter-district specialized juvenile court

PROBLEMATIC ISSUES ABOUT JUVENILE COURT MISDEMEANOR CASES

Annotation. According to the current legislation of the Republic of Kazakhstan, domestic ju-

venile courts, along with criminal and civil court cases, also consider cases of administrative offenses. At first glance, the consideration of cases of administrative offenses does not represent a particular complexity. Nevertheless, judicial practice shows that consideration of cases of this category gives rise to some practical and theoretical issues. This article is devoted to cases on administrative offenses considered by juvenile courts, some legal problems are raised.

Keywords: *proceedings on cases of administrative offenses; administrative offense, composition of the offense, juvenile justice, scientific and practical commentary, legal conflicts.*

Кіріспе

Елімізде ювеналды әділет жүйесін енгізу, дамыту бойынша бірқатар маңызды қамдамдар жасалғаны белгілі. Ювеналды әділет жүйесінің құрамдас бөліктері ретінде тиісті заңнама қалыптасып, әртүрлі мемлекеттік құрылымдар құрылып, тіпті бөлек ювеналды сот төрелігін енгізілді. Ювеналды әділет жүйесі қалыптасудың алғашқы кезеңдерін өткерген тұста қоғам арасында, ғылыми ортада пікір-таластар толастамағанын көз көрді. Бірқатар ғылыми еңбектер жазылды, мемлекетті маңызды бастамалар көтерілді, соның арқасында мемлекеттік бағдарламалар, доктриналар қабылданды. Бүгінде ювеналды әділет жүйесінің мәселелерін қозғау бәсеңдеген болып көрінеді. Тек соңғы кезде жиі өткізіліп жатқан шулы резонансты соттық процесстер ана мен бала, отбасы мәселелерін реттейтін заңнаманы жетілдіру қажеттігін көрсетіп, нақты шаралар қабылданып та жатыр. Осы тұста ювеналды соттардың қарайтын істерін көбейту, сол арқылы юрисдикциясын кеңейту, түбінде бірқатар шет ел мемлекеттеріндегідей отбасылық соттар құру мәселе күн тәртібінен түспей отыр. Әлбетте тұтас отбасы мәселелеріне арналған сот өндірісін енгізу ювеналды сот төрелігін оның көлеңкесінде қалдыра ма деген қауіп бар екенін де отандық практиктер мен ғалымдар жиі сөз етуді. Алайда бұл жеке мақаланың өзегі болуы тиіс.

Бұл мақалада біз тек мен шеңберінде ювеналды соттар қарауына жатқызылған әкімшілік құқықбұзушылықтар туралы істерге тоқталып, олармен байланысты кейбір құқықтық проблемалар туралы сөз

етсек деген ойдамыз.

Материалдар мен әдістер

Аталған кішігірім ғылыми зерттеуді жасау кезінде материал ретінде ювеналды юстиция мәселелерін қозғаған бірқатар ғылыми еңбектерді қолдандық. Нормативтік база ретінде қызмет етуші әкімшілік құқықбұзушылық туралы заңнама пайдаланып, оның бірқатар ережелеріне талдау жасалып, құқықтық карама-қайшылықтар анықталды.

Ғылыми зерттеу жасау кезінде кең қолданысқа ие анализ, синтез, жүйелендіру, салыстырмалы-құқықтық талдау сияқты әдістер пайдаланылды.

Нәтижелер мен талқылау

2014-жылғы 5-шілдедегі № 235-V ҚРЗ «Әкімшілік құқықбұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының Кодексінің (ары қарай – Кодекс) ережелеріне сәйкес кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттар (ювеналды соттар) қарауына кәмелетке толмағандар жасаған, осы Кодекстің 435, 436 (үшінші бөлігінде), 438 (үшінші бөлігінде), 440 (үшінші бөлігінде), 442 (үшінші бөлігінде), 448-баптарында көзделген және осы Кодекстің 127, 127-1, 128, 129, 130, 131, 133, 134, 135, 430 (екінші бөлігінде), 663-баптарында көзделген әкімшілік құқықбұзушылықтар туралы істер жатқызылған.

Яғни, заңшығарушы ювеналды соттар қарауына жатқызылған әкімшілік құқықбұзушылықтар туралы істерді оны жасаған субъекті бойынша саралап, шарты түрде төртке бөледі:

1. кәмелетке толмағандар жасаған

2. ата-аналар немесе басқа да заңды өкілдері, қорғаншы, қамқоршы жасаған

3. білім беру, денсаулық сақтау, халықты әлеуметтік қорғау ұйымдары қызметкерлері, жергілікті атқарушы органдардың лауазымды адамдары, арнаулы жабық балалар мекемесі әкімшілігі өкілі жасаған

4. жеке тұлғалар, шағын кәсіпкерлік субъектілері, орта кәсіпкерлік субъектілері, ірі кәсіпкерлік субъектілері жасаған әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер.

Осы тұста алғашқы түйткілді мәселе көкжиектен көрінеді. Яғни, заңшығарушы ювеналды соттар қарауына жатқызған әкімшілік құқықбұзушылықтар туралы істерді құқықбұзушылық жасаған субъектісі бойынша сараласақ, «бұл істердің соттылығы дұрыс анықталған ба?» деген заңды сұрақ туындайды, қандай критерийлер басшылыққа алынғаны түсініксіздеу. Кәмелетке толмағандар жасаған құқықбұзушылықтарды ысырып қойып, өзге субъектілер жасауы мүмкін құқықбұзушылық түрлерін тізіп шығайық:

- Кәмелетке толмаған адамды тәрбиелеу және (немесе) оған білім беру, оның құқықтарын және (немесе) мүдделерін қорғау жөніндегі міндеттерді, қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі шараларды орындамау;

- Кәмелетке толмағандар жасаған немесе кәмелетке толмағандарға қатысты құқыққа қарсы іс-әрекеттер туралы хабарламау

- Кәмелетке толмаған адамды әкімшілік құқық бұзушылық жасауға тарту

- Жергілікті атқарушы органдардың лауазымды адамдарының және (немесе) баланың заңды өкілдерінің тұрғын үйге мұқтаж жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды есепке қою жөніндегі міндеттерді орындамауы

- Жергілікті атқарушы органдардың лауазымды адамдарының және (немесе) баланың заңды өкілдерінің жетім балалардың, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың тұрғын жайын сақтау жөніндегі міндеттерді орындамауы

- Кәмелетке толмаған адамды масан күйге дейін жеткізу

- Он сегіз жасқа толмаған адамдардың темекіні және темекі бұйымдарын, оның ішінде қыздырылатын темекісі бар бұйымдарды, қорқорға арналған темекіні, қорқор коспасын, темекі қыздыруға арналған жүйелерді сатуы

- Кәмелетке толмағандарға эротикалық мазмұндағы заттарды не балаларға тыйым салынған ақпаратты қамтитын ақпараттық өнімді тарату

- Жетім балалардың, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалардың және балаларды өз отбасына тәрбиелеуге қабылдауға тілек білдірген адамдардың республикалық деректер банкіне жетім балалар, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар туралы мәліметтерді ұсыну тәртібі мен мерзімдерін бұзу және оларды жария ету

- Айналадағылар үшін қауіп төндіретін аурулармен ауыратын адамдардың емделуден жалтаруы

- Кәмелетке толмаған айыпталушының (күдіктінің) келуін қамтамасыз ету туралы міндеттемені бұзу

Әлбетте бұл құқықбұзушылықтың бірі жанама, кейде тікелей кәмелетке толмағандармен және олардың мүддесімен байланысы бар. Дей тұрғанмен кәмелетке толмағандардың өздері жасаған тек жекелеген құқықбұзушылықтарды ювеналды сот қарауына жатқызып, соттың спецификасына орай, біздің ойымызша қаралуы міндетті емес құқықбұзушылықтарды жатқызу қисынсыз болып көрінеді. Біздің ұсынысымыз бойынша ювеналды сот тек кәмелетке толмағандар өздері жасаған кез-келген әкімшілік құқықбұзушылық туралы істі және олардың құқыққа қайшы әрекетінен ата-аналар немесе басқа да заңды өкілдері, қорғаншы, қамқоршы жауапкершілігі туындайтын істерді ғана қарауы керек. Өзге істің бәрі мамандандырылған әкімшілік құқықбұзушылықтар туралы істерді қарайтын соттарға берілуі тиіс. Бұл «Ювеналды

әділеттің» түпкі мақсаттарымен үйлесетін болып көрінеді.

Келесі кезекте ювеналды соттар қарауына жатқызылған әкімшілік құқықбұзушылық туралы істердің біріне тоқталып, құқықтық коллизия туралы сөз етсек.

Кодекстің 133-бабының диспозициясына сәйкес он сегіз жасқа толмаған адамдардың темекіні және темекі бұйымдарын, оның ішінде қыздырылатын темекісі бар бұйымдарды, қорқорға арналған темекіні, қорқор қоспасын, темекі қыздыруға арналған жүйелерді сатуы үшін жауаптылық көзделген. Яғни бұл диспозиция мазмұнына қарағанда құқықбұзушылық субъектісі он сегіз жасқа толмаған адамдар. Алайда бұл бап санкциясында былай көрсетілген: «жеке тұлғаларға - он бес, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне - жиырма бес, орта кәсіпкерлік субъектілеріне - қырық, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне бір жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді». Демек баптың мәтіні дұрыс құрылмаған. Заңшығарушы он сегіз жасқа толмаған адамдардың емес, оларға, яғни он сегіз жасқа толмаған адамдарға темекі және өзге де зиянды бұйымдарды сату үшін жауаптылықты қарастырғысы келген болуы керек. Баптың орысша нұсқасында былай көрсетілген: «Продажа табака и табачных изделий, в том числе изделий с нагреваемым табаком, табака для кальяна, кальянной смеси, систем для нагрева табака, лицами, не достигшими восемнадцати лет». Демек екі тілдегі нұсқада да сатушы - он сегіз жасқа толмаған адамның өзі. Бұл жағдайда кәсіпкерлік субъектілерінің бұл бапқа қатысы болмауы керек-тін. Аталған коллизияны жөндеу керектігі айқын. «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі № 360-VI ҚРЗ кодексінің 110-бабының 2-тармақашсына сәйкес темекі бұйымдарын, оның ішінде қыздырылатын темекісі бар бұйымдарды, қорқорға арналған темекіні, қорқор қоспа-

сын, темекі қыздыруға арналған жүйелерді, тұтынудың электрондық жүйелерін және оларға арналған сұйықтықтарды:

1) жиырма бір жасқа дейінгі адамдарға сатуға;

2) он сегіз жасқа дейінгі адамдардың сатуына сатуға тыйым салынады.

Яғни, егер заңнамашы он сегіз жасқа дейінгі адамдардың сатуына тыйымды бұзғаны үшін жауаптылықты қарастырғысы келсе, онда баптың санкциясын дұрыстау керек. Тұтастай алғанда бұл бапта жиырма бір жасқа дейінгі адамдарға сату үшін де, он сегіз жасқа дейінгі адамдардың сатуы үшін де жауаптылықты көздеуі тиіс етін. Кодекстің 133-бабы жаңа редакцияда – ҚР 07.07.2020 № 361-VI заңымен өзгеріс енгізілген. Осы тұста қателікке жол берілген. Бұрынғы күші жойылған редакциясында бұл бап «Темекілер мен темекі бұйымдарын адамдарға және он сегіз жасқа толмаған адамдарға сату» деп аталған.

Кодекс 65-бабының ережелеріне сәйкес әкімшілік құқықбұзушылық жасаған кезде он алты жасқа толған, бірақ он сегізге толмаған адамдар кәмелетке толмағандар деп танылады. Яғни кәмелетке толмағанның өзін жауаптылыққа тарту кезінде осы жас аралығы ескеріледі. Ал егер ата-анасының жауаптылығы туралы Кодекс Ерекше бөлігінің ережелеріне қарасақ, онда «он төрттен он алты жасқа дейінгі кәмелетке толмағандар жасаған әрекеттер» немесе жәй ғана «он алты жасқа дейінгі кәмелетке толмаған адам жасаған әрекет» үшін заңды өкілдері жауаптылыққа тартылуы мүмкін. Әрине оқыс әрекетке кәмелетке толмаған он төрт жасқа дейін де баруы мүмкін. Бұл жағдайда ата-ана жауаптылығы мәселесін қозғамау қаншалықты дұрыс? Сондықтан заңды өкілдің жауаптылығы баласының қай жас аралығында жасаған құқыққа қайшы әрекеті үшін туындауы керек деген мәселені жеке пікір-талас өзегіне айналдыру керек деп ойлаймын. Бұл мәселеде кейбір авторлардың кәмелетке толмағандарды әкімші-

лік әрекет қабілеттігін: 1) толық (18 жасқа толған кезде), 2) толық емес, немесе басқаша айтқанда шектелген (16 жасқа толғанда), 3) ішінара (14-жасқа толғанда), 4) кейбір пікір бойынша 7 жастан бастап есептеу керек деген ойдың да бар екенін есте сақтау керек [1, 197 бет]. Сонымен қатар жекелеген ғалым, заңгер және психологтар кәмелетке толмағандарға белгіленген 18 жастық шектеуді де салыстырмалы түрде шартты деп бағалайды, өйткені әр баланың даму деңгейі әртүрлі болуы мүмкін [2, 404 бет].

Ювеналды соттар қарауына жатқызылған әкімшілік құқықбұзушылықтар туралы істердің бірі Кодекстің 127-бабының 3-тармағымен көзделген құқықбұзушылық. Кодекстің 127-бабының 3-бөлігінің диспозициясына сәйкес кәмелетке толмаған адамның алкогольдік ішімдіктерді, есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді тұтынуына не қаңғыбастықпен немесе қайыршылықпен айналысуына не оның қылмыстық не әкімшілік құқық бұзушылық белгілері бар қасақана іс-әрекет жасауына алып келген ата-ананың немесе басқа да заңды өкілдердің кәмелетке толмаған балаларды тәрбиелеу және (немесе) оларға білім беру, олардың құқықтарын және (немесе) мүдделерін қорғау жөніндегі, сондай-ақ оларға күтім жасау және күтіп-бағу жөніндегі міндеттерді орындамауы үшін жауаптылық туындайды.

1995-жылы 30-тамызда республикалық референдумда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясы 27-бабының 2-тармағының ережелеріне сәйкес балаларына қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу - ата-ананың етене құқығы әрі міндеті.

«Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Кодексінің 70-бабының 2-бөлігіне сәйкес ата-аналардың өз баласын тәрбиелеуге құқығы бар және осыған міндетті.

Әдетте аталған санаттағы істер бойынша полиция қызметкерлері тергеп тек-

серуді тоқтату туралы қаулы шығармайды, яғни қылмыстық істер статистикасын жасанды түрде көтермеу үшін, қылмыстық іс қозғамастан, номенклатуралық журналға тіркеумен шектеліп, ювеналды полиция инспекторларына ысыра салады. Өйткені құқыққа қайшы әрекет орын алған тұста бірден кәмелетке толмағанның жасы анықталып, әдетте қылмыстық жауаптылық туындайтын жасқа жетпегені белгілі болады. Сондықтан істің «перспективасы» белгілі болғандықтан қылмыстық істің санын көбейтпеу үшін тиісті тергеп тексеруді тоқтату туралы қаулы шығарылмастан іс ювеналды соттарға түсіп жатады. Алайда сөз болып отырған құқықбұзушылық бойынша кәмелетке толмағанның қандай құқықбұзушылық жасағаны процессуалдық құжатпен нақтылануы керек, бұл ювеналды соттың міндеті емес, оған сот баға бере алмайды, тек заңды өкіл жауапкершілігі мәселесін шешеді. Сондықтан полиция органдары бұл санаттағы істер бойынша заңдылықты қамтамасыз етулері керек.

Тұтастай алғанда әкімшілік құқықбұзушылық жасаған кәмелетке толмағандардың жауаптылығы мәселесін қарағанда ювеналды соттар ювенология теориясындағы әкімшілік делинвенттердің саралануын есте сақтауы керек [3, 203-204 беттер]:

- 1) кездейсоқ құқықбұзушы
- 2) ситуативті құқықбұзушы
- 3) тұрақсыз құқықбұзушы
- 4) белсенді құқықбұзушы
- 5) кәнігі құқықбұзушы

Тағы бір айта кететін жағдай, Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне түсініктеме (баптар бойынша) бар, алайда басылымда 2019 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша заңнама түсіндірілген, жалпы және рәсімдік бөліктер 2020 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша қосымша пысықталған. Алайда бұл басылымда Кодекстің 217-1 бабына комментарий жоқ. Бұл өз кезегінде бап ережелерін түсінуде әрі қолдануда

белгілі бір қиындықтар келтіреді. ӘҚБтК-нің 127-1-бабының 1-бөлігінің диспозициясына сәйкес білім беру, денсаулық сақтау, халықты әлеуметтік қорғау ұйымдары қызметкерлерінің құқық қорғау органдарына білім беру, денсаулық сақтау, халықты әлеуметтік қорғау ұйымдарында қылмыстық не әкімшілік құқық бұзушылық белгілері бар әрекеттерді (әрекетсіздікті) кәмелетке толмағандардың жасау немесе оларға қатысты жасалу фактілері туралы, сондай-ақ білім беру, денсаулық сақтау, халықты әлеуметтік қорғау ұйымдарынан тыс жерде кәсіптік қызметіне байланысты өздеріне белгілі болған фактілер туралы хабарламауы, егер бұл іс-әрекеттерде Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 434-бабында көз-

делген, қылмыстық жазаланатын іс-әрекет белгілері болмаса, жауаптылық туындайды. Кей жағдайда хаттама толтыруға құқылы лауазымды тұлғалар кәмелетке толмаған сабаққа келмеген тұста мектеп әкімшілігі полиция органдарына хабарлама жібермеді деп істер қозғауда. Алайда бұл құқықбұзушылық құрамы бөлек. Сондықтан аталған бапқа ғылыми-тәжірибелік түсіндірме керек-ақ.

Қорытынды

Қорытындылай келе, ювеналды соттар карауына жатқызылған әкімшілік құқықбұзушылықтар туралы істер бойынша жеке-леген мәселелер бар екенін мойындауымыз керек. Бұл мақала пікір-таласқа, заңнамаға тиісті өзгерістер енгізуге түрткі болса игі.

Пайдаланған қайнар көздерінің тізімі

1. Ювеналогия: Учебник / под общей редакцией д.ю.н., проф. Н.О.Дулатбекова. – Алматы: Жеті Жарғы, 2008.
2. Предупреждение правонарушений несовершеннолетних / колл.авт. – Алматы: Дайк – Пресс, 2007.
3. 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V ҚРЗ «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының Кодексі».